

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі

№1 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

12.10.2022 ж.

Қатысқандар:

АК төрайымы:

1. Агабекова А.Б.

- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

АК мүшелері:

2. Умаров Амантур Амангельдиевич

- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

3. Калимбетова Жансая Сейдахановна

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

4. Мұхамеджанов Нурідін Бахтиярұлы

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

5. Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич

- «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы

7. Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы

- МЭЭ-211 тобының 1курс магистранты

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
-әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
-түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы А.Б.Агабекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу және қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі Умаров А.А. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша АК жұмысының ұйымдастырылғанын, АК мүшелерінің барлығының Ережелермен танысқандығын айтты және де 2022-2023 оқу жылына жасалған жоспарды таныстырды

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Худайбергенов Б.А күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Екінші мәселе бойынша өз ойымды айтатын болсам, 6В071 - «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыты бойынша өнеркәсіптің әртүрлі салаларында технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, роботтандырылған технологиялық кешендерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету, әзірлеу және енгізу саласында жоғары білікті мамандарды даярлауды көздейді.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет саласында: әр түрлі салаларда пайдалану, элементтерге техникалық қызмет көрсету, Эксперименттік-зерттеу қызметі саласында: өнеркәсіптік өндірістерді автоматтандыру және роботтандыру объектілеріне эксперименттік зерттеулер жүргізу бойынша маман болу; Ғылыми-зерттеу қызметі


саласында: өнеркәсіптің әртүрлі салаларында заманауи зерттеу және әзірлеу жөніндегі ғылыми зертхананың инженері болу; Жобалау-конструкторлық қызмет саласында: өнеркәсіптің түрлі салаларында инженер болу, осындай қызмет түрлерін жасай алу керек

АК төрайымы Агабекова А.Б. үшінші мәселе бойынша сөз алып: Университет түлектерінің моделін әзірлеу бойынша өз ойын айтып, ЖОО түлегінің моделін көрсетті: Кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік. Мақсаттар мен құндылық бағдарларының айқындылығы. Еңбекқорлық. Эмоционалды интеллект және эмоционалды тұрақтылық. Тәжірибеге бағдарлану және кәсіпкерлік дағдылар. Тарихи және мәдени мұраны құрметтеу, толеранттылық. Коммуникабельділік, көптілділік. Сандық технологияларды терең түсіну, жаңа контент құру дағдылары. Жаһандық сын-қатерлерге бейімделе алу, сындарлы өзара әрекеттесу қабілеті. Басқаларды жетелеу, көшбасшы болу, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті. Креативтілік, шығармашылық әлеуметтік белсенділік қабілеті. Үздіксіз кәсіби өсу және даму қабілеті.

АК мүшесі, Мұхамеджанов Н.соңғы төртінші мәселе бойынша: Құрметті АК мүшелері қазан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. АК жоспары, құрамы бекітіліп, төрайымы сайланды, одан бөлек АК Ережесі бекітіліп, танысу парағына қол қойылды. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар одан әрі жүргізіледі, ауқымды істерді бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын.

Шешім: «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылы бойынша АК жоспары бойынша Қазан айында атқарыылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрайымы:**



А.Б.Агабекова